

## Алматы облысының мемлекеттік орман қоры аумағындағы өрт қауіпсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 18 тамыздағы N 143 қаулысы. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 21 тамызда N 1992 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 226 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2007.11.20 N 226 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 15 бабындағы 11 тармаққа және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті төрағасының 2004 жылдың 13 желтоқсандағы N 268 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі Ережесінің" 2 бөліміндегі 4 тармақтың 10 тармақшасына сәйкес Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің басшыларына жеке тұлғалардың орман қоры аумағында болуына тыйым салып, Алматы облысының мемлекеттік орман қорында орманды пайдалануға, әсіресе Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендердің бойында ормандағы өрт қауіпсіздігінің жоғары кезеңде 2007 жылдың 15 қыркүйегіне дейін берілген құқығын тоқтата тұрсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ә. Т о й б а е в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*